

Зандық маңызы бар фактілерді анықтау туралы істер бойынша сот практикасы туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік 2002 жылғы 28 маусымдағы № 13 қаулысы.

Ескерту. Бұкіл мәтін бойынша "АІЖК-нің" деген сөз "АПК-нің" деген сөзben ауыстырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

Зандық маңызы бар фактілерді анықтау туралы азаматтық істерді қарау кезінде заңнаманың дұрыс әрі біркелкі сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Зандық маңызы бар фактілерді анықтау туралы істер басқа тұлғалардың мүдделерін қорғау үшін заң бойынша сотқа жүгінуге құқығы бар азаматтардың, ұйымдардың, сондай-ақ өзге де адамдардың арыздары бойынша қозғалатынына (Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 55, 62-баптарының талаптарына сай) және факт туралы даудың болу ықтималдығымен, бірақ құқық туралы даудың сөзсіз болмайтындығымен сипатталатынына соттардың назары аударылсын. Егер арызданушы зандық маңызы бар бірнеше фактілерді анықтау туралы арыз берсе, онда соттар осы талаптарды бір өндірісте қарауга құқылы.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

2. Соттар зандық маңызы бар фактілерді анықтау туралы арыздарды егер:

мұндай фактілер заңға сәйкес (АПК-нің 305-бабының бірінші бөлігі) зандық маңызы бар жағдайларды тудырса (азаматтар мен ұйымдардың жеке немесе мүліктік құқықтарының пайда болуы, өзгеруі немесе тоқтатылуы);

фактіні куәландыратын тиісті құжаттарды алуға немесе оларды қалпына келтіретін арызданушының басқа мүмкіндігі болмаса (АПК-нің 306-бабы);

қолданыстағы заңнамамен оларды анықтаудың өзге (соттан тыс) мүмкіндігі көзделмесе (АПК-нің 306-бабы);

фактіні анықтау соттың ведомствонына жататын құқық туралы дауды кейін шешуге байланысты болмаса, қабылданап, ондай істерді ерекше өндіріс тәртібімен қарай алады (АПК-нің 304-бабының екінші бөлігі).

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

3. Исті сот талқылауына дайындау барысында сот арыз берушіден фактіні анықтаудағы оның заңдық мұддесінің бар-жоғын, арыз берушіден осы фактіні куәландыратын тиісті құжатты алуға немесе оны қалпына келтіруге мүмкіндіктің жоқтығын растайтын жазбаша дәлелдемелерді талап етуі қажет.

Нақ сол немесе өзге фактіні тіркеу тәртібінің болмағанын (мысалы, біреудің асырауында болу) не фактіні тіркеу тәртібінің сақталмағанын және оған мұндай жағдайларда жүгінуге мүмкіндіктің жоқтығын (мысалы, қайтыс болу фактісі, баланың ата-анасы бала туғаннан кейін некені тіркетпей, баланың тууы туралы жазбаға түзетулерді уақтылы енгізбеген және мұны жасау әкесінің қайтыс болуына байланысты мүмкін болмаған жағдайларда әкелікті тану фактісі) құжатты алу мүмкін емес деп түсіну қажет. Фактіні растайтын құжаттардың болғанымен, оларда құжаттың дәлелдемелік маңызынан айыратын, түзетілуі мүмкін емес қателіктер мен сәйкессіздіктер (мысалы, жазатайым жағдай туралы акт) жіберілген жағдайларда да құжатты алу мүмкін емес деп түсінген жөн.

Қажетті құжаттың жоғалып немесе жойылып кетуі салдарынан тиісті тұлғаның оның телнұсқасын беруге мүмкіндігінің болмауын жоғалған құжатты қалпына келтіру мүмкін емес деп түсіну қажет.

Соттар дауды сотқа дейінгі шешу тәртібін заңдық фактіні соттан тыс анықтау тәртібінен ажыратулары тиіс.

Заңдық фактіні соттан тыс анықтау тәртібі деп заңнамалық актілерде көзделген тәртіпті түсінген жөн, ол бойынша мемлекеттік органға, ұйымға, өзге тұлғаға жүгініп заңдық фактіні куәландыратын тиісті құжаттарды алуға немесе қалпына келтіруге мүмкін болады.

Егер қолданыстағы заңнамада оларды анықтаудың өзге (соттан тыс) тәртібі көзделсе, онда сот АПК-нің 151-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес арызды қабылдаудан бас тартуға тиіс.

Арыз қате қабылданып, іс қозғалған жағдайда, онда ол АПК-нің 277-бабы 1) тармақшасының негізінде тоқтатылуға жатады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - КР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 6 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3-1. Соттар құқық туралы даудың бар болуы немесе жоқтығы туралы мәселені шешкен кезде істі сот талқылауына дайындау тәртібімен арыз берушіге қандай мақсатта заңдық фактіні анықтау қажет екенін, оны анықтаған кезде қандай құқықтық қатынастардың туындауы мүмкін екендігін, осы құқықтық қатынастарға қатысуы ықтимал басқа да тұлғалардың бар-жоғын анықтағаны жөн.

Тиісті құқықтық қатынасқа кіруге ниет білдірген немесе оған кірген мұндай тұлғалардың бар болуы құқық туралы даудың орын алғанын куәландыруы мүмкін.

Егер судья істі сот талқылауына дайындауға әрекеттер жасаған немесе істі мәні бойынша қараған кезде соттың ведомстволығындағы құқық туралы дау бар екенін анықтаса, онда ол АПК-нің 279-бабы 13) тармақшасының негізінде арызды қараусыз қалдыру туралы үйгарым шығаруға және арыз беруші мен басқа да мұдделі тұлғаларға талап қою ісін жүргізу тәртібімен сотқа жүргіну құқығын түсіндіруге міндетті.

Істі дұрыс шешу мақсатында азаматтық сот ісін жүргізу түрінің аражігін ажырату үшін құқық туралы даудың бар-жоғын анықтау қажет.

Сот құқық туралы дау болмаған кезде арызды қараусыз қалдыру туралы қате үйгарым шығарып, арыз берушіге талап қою ісін жүргізу тәртібімен сотқа жүргінуге ұсыным жасаған жағдайлар, процестік құқық нормаларын елеулі түрде бұзы деп есептелмейді.

Туу, бала асырап алу, некеге тұру, ажырасу және қайтыс болу тіркелгенінің (АПК-нің 305-бабы екінші бөлігінің 3) тармақшасы), құқық белгілейтін құжаттардың (әскери құжаттарды, паспортты, жеке куәлікті және азаматтық хал актілерін жазу органдары беретін куәліктерді қоспағанда) құжатта көрсетілген аты, әкесінің аты немесе тегі осы адамның паспорты немесе жеке куәлігі немесе туу туралы куәлігі бойынша атына, әкесінің атына немесе тегіне сәйкес көлмейтін адамға тиесілілігінің (АПК-нің 305-бабы екінші бөлігінің 5) тармақшасы), егер жазатайым жағдайды өзгеше тәртіппен растау мүмкін болмаса, жазатайым жағдайдың (АПК-нің 305-бабы екінші бөлігінің 7) тармақшасы), азаматтық хал актілерін жазу органдары қайтыс болуды тіркеуден бас тартқан жағдайда адамның белгілі бір мән-жайларда белгілі бір уақытта қайтыс болғанының (АПК-нің 305-бабы екінші бөлігінің 8) тармақшасы) зандық фактісі анықталған кезде құқық туралы дау туындауы мүмкін емес.

Ескерту. Нормативтік қаулы 3-1-тармақпен толықтырылды - КР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 6 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

4. АПК-нің 305-бабы екінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес адамдардың туыстық қатынастарының фактісі туыстық дәрежесі тікелей зандық салдарлар туыннататын жағдайларда ғана, мысалы, егер мұндай фактіні анықтау арыз берушіге мұрагерлікке құқық туралы куәлікті алу, асыраушының қайтыс болуына байланысты жәрдемақы алу құқығын ресімдеу үшін қажет болса, сот тәртібімен анықталады.

Туыстық қатынастар фактісін анықтау, әдетте, туысқандар осы фактіні тиісті құжаттарды ұсыну арқылы дәлелдей алмайтын жағдайларда орын алуды мүмкін.

Бірінші және екінші кезектегі мұрагерлер болып табылатын ата-анасы мен балалар, аға-інілер, апа-қарындастар (сіңлілер), ата-әжелер арасындағы туыстық қатынас азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді (туу туралы куәліктерді, некені тіркеу, бұзы туралы куәліктерді және т.б.) ұсыну арқылы құжатпен расталуы мүмкін, сондықтан мұрагерлік құқығын алу үшін туыстық қатынастардың фактісін анықтау туралы арыз беретін мұдделі тұлғалар, әдетте, бірінші және екінші кезектегілерден

басқа кейінгі кезектегі мұрагерлер (немере аға-інілер, апа-қарындастар (сіңлілер), нағашы агалары мен нағашы апалары және т.б.) болып табылады.

Ерлі-зайыптылар қандас туыстар болып табылмайды, сондықтан олардың арасында туыстық қатынастар анықталуы мүмкін емес.

Қайтыс болған адам өмір сүрген кезде өзін арыз берушінің әкесі деп таныған негіздер бойынша мұрагерлікті алу мақсатында туыстық қатынастар фактісі анықталуы мүмкін емес.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 6 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

5. Соттар бір адамның екінші адамның қамқорында (асырауында) болу (АПК-нің 305-бабы екінші бөлігінің 2) тармақшасы) фактілерін анықтаудың заңдылық екенін, ол азаматтың мұрагерлік құқысын бекіту үшін мұраны (АК-нің 1068-бабы) қамқоршысынан айырылуына байланысты жәрдемақы (АК-нің 940-бабы) алуы үшін және заңда көзделген басқа да жағдайларды анықтау үшін керек екендігі назарда болуы керек.

Аталған жағдайларда, арызданушы жалақы, зейнетақы, стипендия және т.б. кірістері болған болса, қамқоршы тарапынан көмек тұрақты және негізгі күнкөріс көзінің болғанын анықтау қажет.

Тек қайтыс болған адамның асырауында болған еңбекке жарамсыз отбасы мүшелері қамқоршысынан айырылуына байланысты жәрдемақы алуға құқылы.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 20.04.2018 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

6. Баланың тууын, ұлды (қызды) асырап алу, некені қиюды, ажырасуды, өлгендікті (АПК-нің 305-бабының екінші бөлігінің 3) тармақшасы) тіркеу фактілерін анықтау туралы істерді қарау кезінде соттар оқиғаның өзін емес, олардың тиісті органдарда тіркелу фактілерін ғана анықтайтынын соттар назарда ұстаулары қажет.

Егер азаматтық хал актілерін тіркеу органдарында және тиісті мұрагаттарда мұндай жазба сақталмаса және оны қалпына келтіруден бас тартылса, онда мұндай істер қаралуға жатады.

Нақтылы некелік қатынаста болу фактісін анықтау туралы істер осы тармаққа сәйкес қаралмайды.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

7. Құқық белгілейтін құжаттардың адамға тиістілігі жөніндегі фактіні анықтау туралы талаптар бойынша құжатта көрсетілген адамның аты, әкесінің аты немесе тегі

осы адамның паспортында немесе жеке күәлігінде, немесе туу туралы күәлігінде (АПК-нің 305-бабының екінші бөлігінің 5) тармақшасы) көрсетілген атқа, әкесінің атына немесе тегіне сәйкес келмейтін анықталса, арызды қабылдау сөтінде, ал ол қабылданған жағдайда істі сот талқылауына дайындау кезінде соттар арызданушыдан құқық белгілейтін құжаттың оған тиесілі екендігін және оны берген ұйымның оған тиісті өзгерістерді енгізуге мүмкіндігі жоқтығын көрсететін дәлелдемелерді ұсынуды талап етуге тиіс.

Әскери құжаттардың, паспорттың, жеке күәліктің және азаматтық хал актілерін жазу органдары берген күәліктердің нақтылы адамға тиісті фактісін анықтауға соттың құқысы жоқ.

Сонымен қатар, ССР Одағының және оның органдарының таратылуына байланысты, ордендер мен медальдардың күәліктерінде көрсетілген адамның аты, әкесінің аты немесе тегі осы адамның паспортында немесе жеке күәлігінде, немесе туу туралы күәлігінде көрсетілген атқа, әкесінің атына немесе тегіне сәйкес келмейтін жағдайда, ол құжаттар белгілі адамдікі екендігін анықтауға сот құқысының бар екендігін назарда ұстай қажет. Осы орайда, осындай фактілерді анықтау туралы шешім осы құжаттардың арызданушыға тиесілі екендігі нанымды дәлелдемелердің қорытындысына сәйкес негізделуге тиіс.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

8. Егер арыз берушіде мүліктің тиесілілігі туралы құқық белгілейтін құжат бар болып, бірақ ол жоғалған болса және көрсетілген факті АПК-нің 305-бабының екінші бөлігінің 6) тармақшасына сәйкес соттан тыс тәртіппен анықталмайтын болса, жылжымайтын мүлік объектілерін иеленуді, пайдалануды және (немесе) оларға билік етуді растайтын құжаттардың болу фактісі анықталуы мүмкін.

Егер мүліктің тиесілілігі туралы құқық белгілейтін құжаттарда қате жіберілген болса, мұндай факт анықталуы мүмкін емес.

Егер арыз берушінің өтініші осы мүлікке басқа адамдардың талаптарымен байланысты болса, мұндай факт ерекше талап қою ісін жүргізу тәртібімен анықталуы мүмкін емес.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 6 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

9. Жазатайым жағдай фактісін (АПК-нің 305-бабының екінші бөлігінің 7) тармақшасы) анықтау туралы істерді қарау кезінде сот мұндай фактіні оны соттан тыс тәртіппен анықтау мүмкіндігі болмаған жағдайда анықтауға құқылы екенін назарда ұстай қажет.

Жазатайым жағдай туралы акт жасалмаса, ал оны жасаудың мүмкіндігі болмаса, акт жасалған, бірақ ол кейіннен жоғалса, ал оны соттан тыс тәртіппен қалпына келтіру мүмкіндігі болмаса немесе актіні жасау кезінде жазатайым жағдай фактісін тануға кедергі келтіретін қателік жіберіліп, оны жою мүмкін болмаған жағдайда, жазатайым жағдай туралы фактіні анықтау жайлы арыз сот өндірісіне қабылдануы мүмкін.

Жазатайым жағдай фактісін анықтау туралы істерді қарau кезінде сот еңбекке қабілеттіліктен айырылу себептері мен оның дәрежесін, мүгедектік тобын және оған ұшыраған уақытын анықтауға құқылы емес.

Шешімнің қарар бөлігі еңбек жөніндегі уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша (Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 190-бабы) жазатайым оқиға туралы актіде көрсетілуге тиіс мәліметтерді қамтуға тиіс.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 20.04.2018 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

10. Адамның белгілі бір уақытта белгілі бір мән-жайларда қайтыс болу фактісін анықтау туралы арыз (АПК-нің 305-бабының екінші бөлігінің 8) тармақшасы) азаматтық хал актілерін жазу органдары қайтыс болған адам жайында оны тіркеуден бас тартқаны туралы арызданушыға жазбаша жауабы болса ғана сот өндірісіне қабылданады.

Арызды қанағаттандыру туралы шешім адамның белгілі бір уақытта белгілі бір мән-жайларда қайтыс болғанын нағынды куәландыратын дәлелдемелерге негізделуге тиіс.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

11. Мұрагерлікті қабылдау фактісін анықтау туралы арыз (АПК-нің 305-бабы екінші бөлігінің 9) тармақшасы), егер нотариаттық іс-әрекет жасайтын орган мұраға алынған мүлікті иелену фактісін нотариаттық тәртіппен растау үшін тиісті құжаттардың жоқтығына немесе жеткіліксіздігіне байланысты мұраны иелену құқығы туралы қуәлікті арызданушыға беруге құқысы болмаса, ерекше өндіріс тәртібімен қаралады.

Егер қажетті құжаттар ұсынылып, бірақ мұраны иелену құқығы туралы қуәлікті беруден бас тартылса, арызданушы АПК-нің 45-тaraуында мазмұндалған қағидаға сәйкес нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тартуға байланысты шағымданып, сотқа жүгінуге құқылы.

Егер мұра, мұраны қабылдау презумпциясын көздейтін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің ерекше бөлімі күшіне енгізілген 1999 жылдың

1 шілдесіне дейін шын мәнісінде қабылданса мұндай фактілердің анықталуы мүмкін екенін сottар назарда ұстаулары қажет. Мұндай жағдайда бұрын қолданылған заңнаманы басшылыққа алу керек.

Сонымен қатар мұндай фактілер мұраны қабылдаудың алты айлық мерзімін белгілеген (АК-нің 1072-бабының 1-тармағы) "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 225-ІІІ Заңы қолданысқа енгізілгеннен кейін анықталуы мүмкін.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 20.04.2018 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

12. Азаматтар мен ұйымдардың АПК-нің 305-бабында келтірілген жеке не мүліктік құқықтарының пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқтауына байланысты фактілер тізбесі түпкілікті болып табылмайды. Сottар заңдық маңызы бар басқа да фактілерді, атап айтқанда, белгілі бір уақытта белгілі бір жерде тұруын, адамның құғын-сүргіннің нәтижесінде арнайы қоныстарда болу фактісін, экелікті тану ("Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – НОҚо) 49-бабы), мұраны қабылдаудан бас тарту фактісін еңбек өтілін есептеу үшін белігілі бір кәсіпорнында немесе басқа тұлғада жұмыс істеу фактісін, осы әйелдің баланы туу фактісін (НОҚо 187-бабының 4-тармағы), оралмандардың тууын тіркеу фактілерін (НОҚо 184-бабының 3-тармағы) анықтауға құқылы.

КСРО Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 10 қарашадағы Жарлығымен 1944 жылғы 8 шілдедегі Жарлық шыққанға дейін нақтылы некелік қатынастарда болған азаматтарға және ерлі-зайыптылардың біреуінің қайтыс болуының салдарынан некені азаматтық хал актілерін тіркеу органдарында тіркеуге мүмкіндігі болмағандарға нақтылы некені тану туралы сотқа жүгіну құқығы берілген болатын. Осы іс-әрекеттерді жасау үшін қандай да бір мерзім белгіленбегендіктен мұндай фактілердің әлі күнге дейін заңдылық маңызы бар болғандықтан, олар сот арқылы анықталуы мүмкін.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2012.12.29 № 6 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 20.04.2018 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

12-1. Пайдалануға қабылданбаған, өз бетінше тұрғызған ғимаратты, құрылышты, сонымен қатар басқа адамның атына тіркелген ғимаратты, құрылышты иелену фактілерін анықтау туралы, заңнамаға сәйкес ресімделмеген мәміле бойынша сатып алынған автокөлік құралдарын және кез келген жылжымалы мүлікті иелену, пайдалану және (немесе) оған билік ету фактілерін анықтау туралы тұлғалардың арыздары бойынша істерді сот ерекше іс жүргізу тәртібімен қарауға тиіс емес.

Сот мұндағы талаптарды талап қою ісін жүргізу тәртібімен қарауға тиіс.

Ескерту. Нормативтік қаулы 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 6 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

13. Зандылық маңызы бар фактілерді анықтау туралы іс бойынша шығарылған шешім АПК-нің 226-бабының талаптарына сәйкес болуға тиіс. Онда сот анықтаған мән-жайлар туралы тұжырымды растайтын дәлелдемелер келтірілуі тиіс. Зандық маңызы бар фактіні анықтау туралы арыз қанағаттандырылған жағдайда сот шешімнің қарар бөлігінде осы фактіні толық ашып көрсетуге тиіс.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

14. Осы қаулының қабылдануына байланысты "Зандық маңызы бар фактілерді анықтау туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралы" СССР Жоғарғы Соты Пленумының 1966 жылғы 25 ақпандағы N 2 қаулысын орындауды туралы" Қазақ ССР Жоғарғы Соты Пленумының 1981 жылғы 16 желтоқсандағы N 6 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

15. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-тармағына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына енгізіледі және жалпыға бірдей міндетті болады әрі ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының Төрағасы

Жалпы отырыстың хатшысы,

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының судьясы